e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 24.12.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 24.12.2020
Дата скачивания 29.03.2024

Байғанин ауданының мәслихаты

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 қарашадағы № 270 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 қарашада № 6459 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 399 шешімімен

Маслихат Байганинского района

Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 6 маусымдағы № 159 «Байғанин ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күші жойылған

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 24.12.2020 № 399 шешімімен (алғашқыресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 6 маусымдағы № 159 «Байғанин ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-175 тіркелген, 2018 жылғы 28 маусымда «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымшасында:

1 тармақтың 1) тармақшасында:

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

«тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты)» сөздері «кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін» сөздерімен ауыстырылсын;

3) тармақшасында:

үшінші абзац келесі редакцияда жазылсын:

«Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға арналған шығыстарға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі отбасының (азаматтың) жиынтық табысының 7 (жеті) пайызы мөлшерінде айқындалады.».

3 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«3. Тұрғын үй көмегі аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасына сәйкес жеткізушілер ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу шоттары мен ай сайынғы жарналардың шоттары бойынша бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.».

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Байғанин аудандық мәслихатының сессия төрағасы

К. Табынбаева

Байғанин аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Турлыбаев

Күші жойылған